

МАҚАЛАНЫҢ АТЫ

А.Абишев^{1*} , А. Жупарова² 

¹ Университет, қаласы, елі

² Университет, қаласы, елі

*e-mail: корреспондент автордың эл.почтасы

Барлық авторлардың ORCID көрсетіңіз

[150-300 слов].

Аннотация құрылымы келесі МІНДЕТТІ тармақтарды қамтиды: Зерттеу тақырыбы бойынша кіріспе сөз.

Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары. Жұмыстың ғылыми-практикалық маңыздылығына қысқаша сипаттама. Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары. Зерттеудің құндылығы (бұл жұмыстың сәйкес білім саласына қосқан үлесі).

Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы.

Түйін сөздер: 3-5 түйін сөз.

Заголовок статьи

А.Абишев^{1*}, А. Жупарова²

¹ Университет, город, страна

² Университет, город, страна

*e-mail: эл.почта корреспондирующего автора

[150-300 слов].

Структура аннотации включает в себя следующие ОБЯЗАТЕЛЬНЫЕ пункты: Вступительное слово о теме исследования.

Цель, основные направления и идеи научного исследования. Краткое описание научной и практической значимости работы. Краткое описание методологии исследования. Основные результаты и анализ, выводы исследовательской работы. Ценность проведенного исследования (внесенный вклад данной работы в соответствующую область знаний).

Практическое значение итогов работы.

Ключевые слова: 3-5 ключевых слов.

Title

A. Abishev^{1*}, A. Zhuparova²

¹ University, city, country

² University, city, country

*e-mail: corresponding author's e-mail

[150-300 words].

The structure of the annotation includes the following MANDATORY clauses: Introductory remarks about the research topic.

Purpose, main directions and ideas of scientific research. A brief description of the scientific and practical significance of the work. Brief description of the research methodology.

Main results and analysis, conclusions of the research work. The value of the research (the contribution of this work to the relevant area of knowledge).

The practical significance of the results of the work.

Key words: 3-5 key words.

Кіріспе

Кіріспе келесі негізгі элементтерден тұрады:

Тақырыпты таңдау негіздемесі; тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Алдындағылардың тәжірибесіне негізделген тақырыпты таңдау негіздемесі мәселенің танылғанын білдіреді (қандай да бір зерттеулердің болмауы, жаңа объектінің пайда болуы және т.б.). Өзектілігі зерттеу объектінің жалпы қызығушылықпен анықталады және тақырыптың теориялық және тәжірибелік маңыздылығымен расталады. Нысанды, пәнді, мақсаттарды, міндеттерді, әдістерді, тәсілдерді, гипотезаларды және сіздің жұмысыңыздың мәнін анықтау. Зерттеудің мақсаты тезистің дәлелімен, яғни зерттеу нысанасының автор таңдаған аспектіде ұсынылуымен байланысты.

Әдеби шолу

Бұл бөлімде ағылшын тіліндегі шетелдік авторлардың зерттелетін тақырыбы бойынша іргелі және жаңа еңбектері, осы еңбектерді олардың ғылыми үлесі тұрғысынан талдау, сондай-ақ Сіз өз мақалаңызда толықтырып отырған зерттеудегі олқылықтар қамтылуға тиіс.

Жұмысқа қатысы жоқ көптеген сілтемелердің немесе Сіздің жеке жетістіктеріңіз туралы орынсыз пайымдаулардың, Сіздің алдыңғы жұмыстарыңызға сілтемелердің болуына **ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ**.

Әлеуметтік және гуманитарлы бағыттағы мәтіндерде дәйексөз келтірілген сілтемелер жұмыстың бірінші авторы, шыққан жылы: бет нөмір(лер)і жақша ішінде көрсетіліп беріледі. Мысалы, (Залесский, 1991: 25). Әдебиеттер тізімінде бір автордың бір жылда жарық көрген бірнеше жұмысы келтірілген жағдайда, шыққан жылдың тұсына «а», «б» және т.б. әріптерді қосып жазу керек. Мысалы, (Садуова, 2001а: 15), (Садуова, 2001б, 22).

Әдістеме

Бұл бөлім материалдардың, жұмыс барысының сипаттамасынан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс. Зерттеу материалының сипаттамасы немесе мінездемесі көрсетілген материалды сапалық және сандық көріністе ұсынуды қамтиды. Материалдың сипаттамасы зерттеу қорытындылары мен әдістерінің дұрыстығын айқындайтын факторлардың бірі болып табылады.

Бұл бөлім мәселенің қалай зерттелгенін сипаттайды: бұрын жарияланған белгіленген рәсімдерді қайталамай егжей-тегжейлі ақпарат; жабдықтарды (бағдарламалық қамтамасыз етуді) сәйкестендіру және материалдар мен әдістерді пайдалану кезінде міндетті түрде жаңашылдықты енгізе отырып, материалдардың сипаттамасы қолданылады.

Ғылыми әдістеме мыналарды қамтуы керек:

- зерттеу мәселесі;
- ұсынылған гипотеза (тезис);
- зерттеу кезеңдері;
- зерттеу әдістері.

Нәтижелер және талқылау

Бұл бөлім жұмыстың негізгі тұжырымдамасын ашады және зерттеу нәтижелерін талдау мен талқылауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша қорытындыларды қамтиды. Нәтижелер мен талқылау – мақаланың ең маңызды бөлімдерінің бірі. Осы жұмыстың нәтижелеріне талдау жүргізу және оларды алдыңғы жұмыстармен салыстырғанда талқылау, талдау және қорытындылар жүргізу қажет.

Кестелер

Кестелер Microsoft Word кесте форматында жасалуы қажет. Кестелер нөмірленуі және мәтіндегі сандармен сәйкестендірілуі керек. Тақырып кестенің үстіне сол жақ шетінде орналастырыңыз, кестенің астына түсіндірме сілтемелерді (жоғарғы индекстегі кіші әріптермен белгіленген) енгізіңіз. Кестені интернетте жариялау үшін түрлендіру кезінде мәтін мен сандардың ығысуын болдырмау мақсатында деректер кестенің жеке ұяшықтарына орналастырылады. Бос ұяшықтар аралықты жасау үшін кірістірілуі мүмкін. Кестелер мәтінде ұсынылған ақпаратты қайталамауы тиіс. Оның орнына автор бөлектегісі келетін нақты сәтті көрсететін немесе кеңейтетін қосымша ақпарат беру үшін кестелерді пайдалану керек.

1-кесте – Кестенің тақырыбы

Атауы	Белгілеу	Көрсеткіш
A	P	10 ⁵
B	T	273

Ескерту – (Некрасов, 2017) дереккөзі негізінде автор құрастырған

Суреттер

Барлық суреттер араб цифрларымен нөмірленуі тиіс (1, 2, ...). Барлық фотосуреттер, диаграммалар, графиктер мен схемалар сурет ретінде белгіленуі қажет. Әріптер мен белгілер сызбаның бір бөлігі болып табылатын тақырыпта немесе таңбалауда анық анықталуы керек. Суреттер мақалада олар туралы бірінші ескертпеге мүмкіндігінше жақын орналастырылады. Алайда, егер екі сурет бір-біріне сәйкес келсе, олар орынды үнемдеу үшін бір-бірімен қатар орналастырылуы мүмкін.



1-сурет – Суреттің тақырыбы

Ескерту – (Некрасов, 2017) дереккөзі негізінде автор құрастырған

Суреттердің, таблица, графика мен диаграммалардың саны мақала көлемінің 20% -нан (кейбір жағдайда 30%) артық болмауы керек.

Теңдеулер

Теңдеулер мен формулаларды MathType-да теріп, беттің оң жағында дөңгелек жақшада араб сандарымен рет-ретімен нөмірлеу керек. Олар сондай-ақ айналадағы мәтіннен бір бос орынмен бөлінуі тиіс.

$$\Delta T(r_b, t) = \frac{q}{4\pi\lambda} \int_{r/2\sqrt{at}}^{\infty} \frac{e^{-\beta^2}}{\beta} d\beta \quad (1)$$

мұндағы:

$\Delta T(r_b, t)$ – белгілердің атаулары;

q – белгінің атауы;

λ – белгінің атауы;

Қорытынды

Қорытынды бөлім қазіргі кезеңдегі жұмысты жалпылау мен қорытындылауды; алынған нәтижелерді ескере отырып, ғылыми білімдегі өзгерістер туралы автор пікірінің және қорытындының негізділігін растауды қамтиды. Тұжырымдар нақты болуы және ұсыныстарды немесе одан әрі жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттай отырып, нақты ғылыми салалардағы зерттеулердің нәтижелерін қорыту үшін пайдаланылуы қажет.

Қорытындының құрылымы мынадай сұрақтарды қамтуы тиіс: Зерттеудің мақсаттары мен әдістері қандай? Нәтижелері қандай? Қандай қорытындылар бар? Өзірлемені енгізудің, қолданудың перспективалары мен мүмкіндіктері қандай?

Алғыс, мүдделер қақтығысы

Қаржыландыру көздерін және басқа да жарналарды, алғыстарды, мүдделер қақтығысын көрсетіңіз.

Әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі немесе библиографиялық тізім жаратылыстану және техникалық бағыттарға кем дегенде 15 атаулардан тұрады, ал ағылшын тіліндегі жалпы атаулар саны 50%-дан кем болмауы керек.

Егер сілтемелер тізімінде кириллицада берілген еңбектер болса, сілтемелер тізімін екі нұсқада ұсыну қажет: біріншісі - түпнұсқада, екіншісі - романизацияланған алфавитте (транслитерация - translit-online.ru).

Әдебиеттер тізімдерінің екі нұсқасы алфавиттік ретпен ұсынылады және тек мәтінде келтірілген жұмыстар.

Әдебиеттер тізіміне мәтінде тікелей сілтемелері бар елеулі сілтемелерді ғана қосу керек. Артық дәйексөзден аулақ болыңыз.

Әлеуметтік және гуманитарлық бағытта әдебиеттер тізімін рәсімдеу стилі - American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>).

Мысалы: Некрасов А. Г., Сеницына А. С. (2017). Сандық экономикадағы жаңа буынның көлік-логистикалық жүйелері. ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, 2(110), 5–18. <https://doi.org/>

Берілген бөлімде төмендегілерді ескеру қажет:

- Ғылымның осы саласында қолданылатын және автордың жұмысы негізделген ғылыми басылымдар, алдыңғы қатарлы зерттеу әдістерінен дәйексөздер келтіріледі.
- Өзіңіздің жұмысыңыздан дәйексөздерді келтіруді шамадан тыс қолданудан аулақ болыңыз.
- Сілтемелерді ТМД / КСРО авторларының басылымдарына шамадан тыс келтіруден аулақ болыңыз, әлемдік тәжірибені қолданыңыз.

- Библиографиялық тізімде мақала тақырыбы бойынша белгілі шетелдік авторлар мен зерттеушілер шығарған іргелі және ең маңызды жұмыстар болуы керек.

References

Әлеуметтік және гуманитарлық бағытта романизацияланған әдебиеттер тізімін, ағылшын тіліндегі (басқа шет тіліндегі) дереккөздер рәсімдеу стилі - American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>).

Романизацияланған әдебиеттер тізімі келесідей болуы керек: автор (лар) (транслитерация) → (жақшадағы жыл) → транслитерацияланған нұсқадағы мақала тақырыбы [мақала тақырыбының ағылшын тіліндегі аудармасы төрт бұрышты жақшада], орыс тіліндегі дереккөздің атауы (транслитерация немесе бар болған жағдайда ағылшын тілінде), шығыс деректер ағылшын тілінде белгілеулер арқылы жазылады.

1. Мысалы: Nekrasov A. G., Sinitsyna A. S. (2017) Sandyk ehkonomikadagy zhana buynnyn kolik-logistikalyk zhiyeleri [New generation transport and logistics systems in the digital economy] // Zhiyelerdin kyshi zhurnaly. №3 (4), 11-23.

Әдебиеттер тізімі алфавиттік ретпен ұсынылады және тек мәтінде келтірілген жұмыстар.

Библиографиялық сілтемелерді рәсімдеу үшін [Mendeley Reference Manager](#) құралын пайдалана аласыз.

Авторлар туралы мәлімет:

Автордың өмірбаяны үшін Толық аты-жөнін, жұмыс орны мен лауазымын, ғылыми дәрежесі мен атағын, сондай-ақ байланыс ақпаратын (email және телефон) көрсетіңіз.

Мысалы:

1. Алан Әбішев (корреспонденция авторы) – PhD, Алматы менеджмент университетінің менеджмент мектебінің оқытушысы (Алматы, Қазақстан, email: abishev.a@mail.ru);

2. Азиза Жупарова – PhD, Алматы менеджмент университетінің менеджмент мектебінің ғылыми профессоры (Алматы, Қазақстан, email: aziza.zuparova@almau.edu.kz).

Information about authors:

For author biographies, please provide the full name, place of work and position, academic degree and title, as well as contact information (email and phone).

Example:

1. *Alan Abishev (corresponding author) – PhD, Lecturer of the School of Management at Almaty Management University (Almaty, Kazakhstan, email: abishev.a@mail.ru);*

2. *Aziza Zhuparova – PhD, Research Professor of the School of Management at Almaty Management University (Almaty, Kazakhstan, email: aziza.zuparova@almau.edu.kz).*

Информация об авторах:

Для биографии автора укажите полные ФИО, место работы и должность, ученую степень и звание, а также контактную информацию (email и телефон).

Пример:

1. Алан Абишев (автор корреспонденции) – PhD, преподаватель школы менеджмента Алматы Менеджмент Университет (Алматы, Казахстан, email: abishev.a@mail.ru);

2. Азиза Жупарова – доктор философии, научный сотрудник Школы менеджмента, Алматы Менеджмент Университет (Алматы, Казахстан, email: aziza.zuparova@almau.edu.kz).

